

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖӘНЕ БІРЛЕСКЕН ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ӘРЕКЕТТЕРІ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ

Тараз қ.

«_7_» __қазан_____ 2024ж.

«М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамның Басқарма Төрағасы-Ректор М.Қ Байжұманов бірінші тараптан және екінші тараптан Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының ректоры М.Н.Сарыбеков Ереже және сенімхат негізінде әрекет ететін бұдан әрі тараптар деп аталатынын негізге алып, білім және ғылым саласында ортақ мақсаттарға ие бола отырып, өзара сенім мен ынтымақтастық орнату қағидаттары туралы Меморандумға қол қойды.

1. Меморандум мәні

1.1. Ынтымақтастық және бірлескен ғылыми-зерттеу әрекеттер туралы (ары қарай - Меморандум) берілген келісімшартта (ары қарай - Келісімшарт) тараптар еліміздің танымал тұлғаларының өмірі мен шығармашылығына байланысты ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүзеге асыру және білім мен іздену сапасын қамтамасыз ету аясында тиімді ынтымақтастықты қалыптастыру бойынша Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Қ.Тоқаев ұсынған басымдықтарды жүзеге асыру мақсатындағы бірлескен және келісілген ынтымақтастық қарым-қатынасқа қызығушылықтары сәйкес екендігін қол қою арқылы келісіледі.

1.2. Алдыға қойылған мақсаттарға қол жеткізу және ортақ қызығушылықтарын жүзеге асыру процесінде Тараптар өзара қарым-қатынастарын теңқұқылық, адал және шынайы серіктестік, сонымен қатар бір-бірінің қызығушылықтарын қорғау негізінде құруға міндеттеме алады.

1.3. Тараптар жарғылық міндеттерді орындауда бір-біріне ықпал ету мақсатында заңдылықтар шеңберінде өзара қызметтер көрсету, ақпараттар алмасуды жүзеге асыру, бірлескен тәжірибелік жобаларға және басқа да әрекеттерге бірге қатысуға келісті.

1.4. Тараптар өзара меморандум негізінде бір-біріне ұйымдастырушылық көмектің барлық түрлерін көрсете алады.

2. Тараптардың ынтымақтастық аясы

Осы Меморандумды орындау мақсатында Тараптар өзара ынтымақтастықтың келесі аясын анықтайды:

2.1. Ғылыми-зерттеу әрекеттерін насихаттауға бағытталған іс-шараларды өткізу, Жақтар ұйымдастырып отырған конференцияларға қатысу;

2.2. Ғылыми-зерттеу сапасын арттыруға бағытталған бірлескен инновациялық жобаларды дайындау және өткізу;

2.3. Педагогтар, ізденушілер, оқушыларға ғылыми түрде кеңес беруді ұйымдастыру;

2.4. Тараптардың ұйымдастыруымен өтетін ғылыми-әдістемелік семинарларға, ғылыми-тәжірибелік конференцияларға және басқа да шараларға Тараптардың өкілдерінің қатысуы арқылы Тараптардың сәйкесінше әрекеттер аясындағы жинақталған білімі мен тәжірибелерімен алмасу;

2.5. Меморандуммен келісілген барлық ынтымақтастық түрлері.

3. Меморандумдағы өзгерістер

Меморандумды өзгерту екі тараптың келісімімен екі тарап мақұлдағаннан кейін күшіне енеді және тараптардың осыдан кейін Меморандумға өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқығы бар. Осы Меморандумға өзгерістер мен толықтырулар жазбаша нысанда рәсімделеді.

4. Қолданылу мерзімі

Осы Меморандум екі тарап қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 3 жыл бойы жұмыс істейді немесе тараптардың бірінде қалауы бойынша екінші тараптарды кемінде 15 (он бес) күнтізбелік күн бұрын хабардар етеді.

5. Қорытынды ережелер

5.1. Тараптар Меморандумның 2-бабының 1-тармағына сәйкес жеке және заңды тұлғалармен әр бағытын талқылап және рәсімделуі тиіс тәртіппен іске асыру белгіленген. Бұл Меморандумды орнату барысында қаржылық міндеттемелер пайда болған жағдайда тараптар жеке келіседі және осы шарттарды іске асыру кезінде туындаған мәселелерге қорытынды талап етіледі. Тараптар арасындағы туындаған даулар мен келіспеушілік мәселелері келісілген түрде жасалған келісімшарт негізіндегі келіссөздер мен консультациялар арқылы шешіледі.

5.2. Меморандумның мәтіні қазақ тілінде екі данадан дайындалды, әрқайсысының заңдылық күші бірдей.

5.3. Меморандум М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің «Бауыржантану» ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі М.Мырзахметұлының қатымуымен Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының «Шерхантану» ғылыми-зерттеу орталығында 7 қазан күні жазылып, рәсімделді.

6. Тараптардың заңды мекен жайлары

"М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті" КЕАҚ	Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты
Мекен-жайы: 080012, Тараз қ., Сулейменов к., 7 .	Тараз қаласы Желтоқсан көшесі №69Б
Тел: 8/7262/45-36-64	Тел. 8/7262/ 50-13-55
Басқарма Төрағасы-Ректор	Ректор
_____ М.Қ.Байжұманов (М.О., қолы)	_____ М.Н.Сарыбеков (М.О., қолы)